

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР
ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДРІ УНИВЕРСИТЕТІ» АҚ**

«Бекітемін»

Оқу ісі жөніндегі проректордың м.а.
саяси ғылымдар кандидаты
Байсұлтанова К.Ч.

4.06

2026 ж.



**«B042- Журналистика және репортер ісі»
білім беру бағдарламалар тобы бойынша
түсушілерге арналған шығармашылық емтиханның
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Алматы, 2026

1. Жалпы ереже

1.1 Бағдарлама «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына (бұдан әрі - үлгілік қағидалар) және «Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ» оқуға қабылдау ережесіне сәйкес жасалды.

1.2 Үлгілік ережелердің 2-қосымшасына сәйкес «B042 - Журналистика және репортер ісі» білім беру бағдарламаларының тобы бойынша шығармашылық емтихандар келесі форматта тапсырылады:

1) Шығарма.

2) Кәсіпке жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесу.

1.3 Шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу үшін қабылдау комиссиясы Төрағасының бұйрығымен емтихандарды өткізу кезеңіне емтихан комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының құрамына Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ-нің профессорлық-оқытушылық құрамы, бұқаралық ақпарат құралдарының және қоғамдық ұйымдар өкілдері кіреді.

1.4 Шығармашылық емтихандарды тапсыру үшін өтініштерді қабылдау мерзімі:

- білім грант конкурсына қатысатын талапкерлерден **20 маусым мен 7 шілде** аралығында қабылданады.

Шығармашылық емтихандар **8-13 шілде** аралығында өткізіледі.

- ақылы бөлімге түсетін талапкерлерден **20 маусым - 10 тамыз** аралығында қабылданады.

Шығармашылық емтихандар **12-15 тамыз** аралығында өткізіледі.

1.5 Шығармашылық емтихандардың өту кестесін (емтиханды өткізу нысаны, күні, уақыты және өткізілетін орны, кеңес беру) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және талапкерлердің назарына бұл мәліметтерді қабылдау басталғанға дейін жеткізіледі және университеттің www.ablaikhan.kz ресми сайтында жарияланады.

1.6 Талапкерлердің шығармашылық емтихандарға жіберілуі жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады.

1.7 Шығармашылық емтихандар басталғанға дейін талапкерлерге емтихан материалы беріледі және титулдық парақтарды ресімдеу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ шығармашылық емтихандардың басталу және аяқталу уақыты, жауаптар регламенті, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны және апелляцияға өтініш беру рәсімі көрсетіледі.

1.8 Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 50 балдық жүйе бойынша бағаланады және Қазақстан тарихы (5 балдан кем емес), оқу сауаттылығы (оқу тілі, 3 балдан кем емес) бойынша балдар ескеріледі.

1.9 Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары бағалау парағы және комиссия хаттамасы еркін нысанда ресімделеді, олар нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына комиссия төрағасы және оған қатысып отырған барлық комиссия мүшелері қол қояды.

1.10 Шығармашылық емтихандардың нәтижелері емтихан өткізілетін күні жарияланады.

1.11 Шығармашылық емтихандарды өткізу кезеңінде даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсыратын адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында қабылдау комиссиясы төрағасының бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады. Оның құрамы төрағасын қоса алғанда, мүшелердің тақ санынан тұрады.

1.12 Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына шығармашылық емтихан тапсырған тұлғаның өзі береді, апелляция шығармашылық емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейінгі келесі күннің сағат 13.00-не дейін қабылданады және апелляциялық комиссиямен бір күн ішінде қаралады.

1.13 Апелляциялық комиссияның шешімі, егер отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім қатысып отырған Комиссия мүшелері санының көпшілік даусымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған кезде төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және Комиссияның барлық қатысып отырған мүшелері қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

1.14 Білім беру гранты конкурсына қатысатын талапкер өтініш берген кезде тек бір ББ және шығармашылық емтихандарды тапсырған ЖОО ғана көрсетеді.

1.15 Жоғары білімнің білім беру грантын алған талапкер шығармашылық емтихандар тапсырған ЖОО-ға қабылданады.

1.16 Ақылы бөлімге түсетін талапкер 1.4-тармақта көрсетілген емтихандардың кез келген кезеңінде шығармашылық емтихандарды тапсыра алады, сондай-ақ басқа ЖОО-да тапсырылған шығармашылық емтихандардың нәтижелері бойынша қабылдана алады. Ақылы бөлімшеге қабылдау үшін ағымдағы жылғы ҰБТ-ның барлық сертификаттары жарамды.

2. «B042 - Журналистика және репортер ісі» БББ тобы бойынша шығармашылық емтихандарды өткізу тәртібі

1-ші шығармашылық емтихан

Берілген тақырыптардың біріне шығарма. Шығарма жазуға 3 сағат бөлінеді. Шығармашылық емтиханның ережелерімен және тақырыбымен танысу емтиханнан 30 минут бұрын жүзеге асырылады.

Шығарма тақырыптарының шамамен алынған тізімі

1. Мен не үшін журналист мамандығын таңдадым?
2. Жалған ақпарат пен шынайы деректі қалай ажыратуға болады?
3. Мен өмір сүргім келетін әлем
4. Жасөспірімдер мен жастар өміріндегі жасанды интеллект
5. «Тарих жеке естелікке айналғанда: соғыс ұрпақтар көзқарасымен»
6. Ақпаратта қайсысы маңызды: жеделдік пе, әлде шынайылық па?
7. Адам және табиғат әлемі
8. Естелік үні: журналистика соғыс туралы қалай баяндайды?
9. TikTok пен Instagram – журналистиканың жаңа формалары ретінде
10. Жасанды интеллект дәуіріндегі медианың болашағы

11. Өз-өзіне журналист болу (блог жүргізу, Instagram парақшасын дамыту, интернетте жарияланым жасау)
12. Жасанды интеллект: бұқаралық ақпарат құралдары үшін көмекші ме, әлде қауіп пе?
13. Мобильді журналистиканың артықшылықтары мен кемшіліктері
14. Онлайн-алаяқтық – цифрлық қоғамның жаңа қауіп - қатері
15. «Соғыс естелігі — күнтізбедегі дата емес, ұрпақ алдындағы жауапкершілік»

Шығарманы бағалау критерийлері

Критерийлер		5 (50-41) баллов	4 (40-26) баллов	3 (25-15) баллов
Шығарма мазмұны	Тақырыптың ашылу тереңдігі, тақырып пен негізгі ойдың сәйкестігі, тақырыптың қисындылығы мен дәйектілігі	20-15	14-9	9-5
Орфография пунктуация	Көлемі, стилі, тілдік нормалар мен емле ережелерін сақтау	15-13	13-8	8-5
Журналистік стиль	Фактілерді қолданудың өзіндік ерекшелігі, дәлелдер мен тұжырымдардың сенімділігі; мәтіннің анықтығы, ойластырылған құрамы; шығарманың жандылығы, бейнесі, эмоционалдылығы, сөздіктің байлығы	15-13	13-9	8-5

Жоғары балл- 50

15 балдан төмен – «қанағаттанарлықсыз»

2-ші шығармашылық емтихан

Кәсіпке жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесу - комиссия мүшелерінің талапкерлермен әңгімелесу түрінде ауызша өткізіледі.

Қабылдау комиссиясының мүшелері талапкерге сұрақтар қойып, олардың жауаптарын бағалайды. Әңгімелесудің мақсаты оқуға түсушінің оқу және кәсіби қызмет үшін құзыреттілігін анықтау, журналист жұмысының ерекшелігін және осы мамандықты оқудағы өзіндік уәждемесін түсіну, жалпы мәдени даму деңгейі, ой-өрісінің кендігі, әлеуметтік бағдарлану, ауызша және жазбаша қарым-қатынас дағдылары, сөйлеуді меңгеру дәрежесі болып табылады. Әңгімелесу өткізуге - 10-15 минут бөлінеді.

Талапкер портфолио ұсына алады (бар болған жағдайда). Бұл жағдайда комиссия жарияланымдарға, радио және телесюжеттерге қатысты нақтылайтын сұрақтар қояды. Мұнда үміткердің өз материалдарын талдау, тақырыпты, кейіпкерді, ақпарат жинау әдістерін және т. б. таңдау мүмкіндігі бағаланады.

Әңгіме жүргізу барысында талапкерге мынадай сұрақтар қойылуы мүмкін:

- өмірбаяндық сипаттағы (қажет болған жағдайда);
- талапкерлердің таңдаған кәсібі мен мамандығының бағыт-бағдарын қай деңгейде білетіндігін анықтау;
- талапкердің қоғамдық-саяси дайындық деңгейін анықтау;
- БАҚ, қоғаммен байланыс немесе медиа-коммуникация материалдарында оның бағдарлануын анықтау;
- ойлаудың дербестігін анықтау;

- қоғамтану, тарих, мәдениет бойынша жалпы білім беру бағдарламасы аясында талапкердің эрудициясын анықтау. Талапкердің тарих, мәдениет саласындағы білім деңгейін; қоғамда болып жатқан белгілі бір оқиғаларға деген көзқарасын; қоғамның пікірталас мәселелері бойынша пайымдауларын анықтау;
- қызығушылықтар шеңберін, ой-өрісті, әр түрлі кәсіп пен қызмет түрлеріне бейімділікті анықтау;
- талапкердің мінез-құлқын бақылау арқылы психологиялық қасиеттерін анықтау (байқау, ассоциативті, бейнелі ойлау қабілеті, зейінді жедел ауыстыру, аналитикалық ойлау қабілеті, сөйлеудің мәнерлілігі, қарым-қатынас, тапқырлық және т.б.).

Комиссия алқалы түрде әңгімелесуді қорытынды бағалау туралы шешім қабылдайды, қажет болған жағдайда ерекше ескертулерді тіркейді.

Портфолиоға кіреді:

- БАҚ-та жарияланған жеке материалдар, аудио - бейнематериалдар, фотосуреттер және олармен бірге жүретін мәтіндер, дизайнерлік әзірлемелер және жобалар;
- Журналистика бойынша шығармашылық конкурстарға қатысу, жеңістер туралы құжаттар (грамоталар, дипломдар, куәліктер, сертификаттар және т.б.).

Әңгіме жүргізуде кәсіби жарамдылықты бағалау критерийлері

Әңгімелесу:

Критерийлер		5 (50 балл)	5 (49-41 баллов)	4 (40-26) балл	3 (25-15) балл
Мақаланың болуы	БАҚ-та жарияланған өз материалдары	50	-	-	-
Журналистикаға қатысты сұрақтарға жауаптар	Әр түрлі сұрақтарға жауап беру кезінде жеке көзқарасты білдіру, сөйлеу мәнерлілігі, қарым-қатынас, тапқырлық		35	30	15
Фото, бейне материалдары бар папканың болуы (әр түрлі авторлардың өлеңдерін немесе өз шығармаларын оқу)/	Өз шығармалары, аудио - бейнематериалдар, фотосуреттер және оларға ілесіп мәтіндер, дизайнерлік әзірлемелер мен жобалар, БАҚ, агенттіктер, редакцияларынан ұсынымдар; журналистика бойынша конкурстарға қатысу туралы құжаттар (грамоталар, дипломдар, куәліктер, сертификаттар және т.б.)		14	10	10

Жоғары балл- 50

15 балдан төмен – «қанағаттанарлықсыз»

3. Шығармашылық емтихандарды өткізу

Шығармашылық емтихандар дәстүрлі (офлайн) форматта қабылданады.

Шетелдік түсушілерге және шұғыл әскери қызметтен өткен түсушілерге арналған ауызша шығармашылық қабылдау емтихан (әңгімелесу) сұрақтары

БЛОК 1. МЕДИА, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТ КӘСІБІ

1. Журналист мамандығын не үшін таңдадыңыз?
2. Қазақстанды және аталмыш университетті журналистика саласында білім алу үшін не үшін таңдадыңыз?
3. Журналистикада өз кәсіби перспективаларыңыз қандай деп ойлайсыз?
4. Қандай БАҚ, интернет-платформаларды мен медиа жобаларды сіз үнемі оқисыз, қарайсыз және тыңдайсыз?
5. Өз еліңіздің немесе әлемнің қандай журналист, тележүргізуші, блогер және медиаменеджерлерін профессионал санайсыз? Неліктен?
6. ХХІ ғасыр журналисті үшін қандай қасиеттер ең маңызды?
7. Журналисттің блогер мен инфлюенсерден айырмашылығы неде?
8. Заманауи қоғамда БАҚ қандай функцияларды орындайды?
9. Медиа сауаттылық деген не және ол не үшін маңызды?
10. Өз еліңіздің немесе шетелдің қандай ақпараттық сайттарын білесіз?
11. Ақпаратты таратуда әлеуметтік желілер қандай роль ойнайды?
12. Фактчекинг деген не және ол не үшін қажет?
13. Интернеттегі ақпараттың шынайылығын қалай тексересіз?
14. Мобилография деген не және ол журналистикада қалай қолданылады?
15. Медиа мониторинг деген не және ол не үшін қолданылады?
16. Журналистік материалдардың заманауи қандай форматтарын білесіз (подкаст, сторителлинг, лонгрид, мультимедиялық репортаж және т.б.)?
17. Жасанды интеллект журналист қызметіне қалай әсер етеді?
18. Медиада жасанды интеллектіні қолданудың қандай артықшылықтары мен қауіптері бар?
19. Танымал адаммен сұхбатқа дайындалып жатырмын деп елестетіңіз. Қандай сұрақтар қоясыз?
20. Әңгімелесу өтіп жатқан аудиториядан экспромт репортаж жүргізіңіз.

БЛОК 2. ҚОҒАМ, МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ЖАҒАНДЫҚ ПРОЦЕСТЕР

1. Соңғы жылы сіздің елде және әлемде ең маңызды оқиғалар қандай болды?
2. Мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде БАҚ қандай рөл атқарады?
3. Ақпараттық соғыс дегеніміз не және ол цифрлық ортада қалай көрініс табады?
4. Жалған ақпаратты тарату мәселесі неліктен өзекті болып отыр?
5. Цифрландыру қазіргі журналистиканы қалай өзгертіп отыр?
6. Референдум дегеніміз не және ол қандай жағдайларда өткізіледі?
7. Демократиялық мемлекеттің негізгі қағидалары қандай?
8. "Құқықтық мемлекет" ұғымы нені білдіреді?
9. Сіздің еліңізде мемлекеттік билік жүйесі қалай құрылған?
10. Сіздің еліңізде қандай мемлекеттік органдар заң қабылдайды?
11. Сіздің еліңіздегі Мемлекет басшысының рөлі қандай?
12. Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) қызметі туралы не білесіз?
13. ЮНЕСКО-ның негізгі міндеттері қандай?
14. ЮНИСЕФ қандай қызмет атқарады?
15. Журналистердің құқығын қандай халықаралық ұйымдар қорғайды?
16. Сіздің еліңізде қандай кәсіби журналистік бірлестіктер бар?

17. Неліктен экологиялық журналистика қазіргі журналистиканың маңызды бағытына айналуда?
18. Жаһандану медиа мен қоғамның дамуына қалай әсер етіп жатыр?
19. Заманауи технологиялар ақпаратты алу және тарату тәсілдерін қалай өзгертті?
20. Журналистің әлеуметтік жауапкершілігін қалай түсінесіз?

БЛОК 3. ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДОСЬЕ ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ ТАНЫСТЫРУ

Абитуриент таныстырады:

- жарияланған және жарияланбаған мақалалар;
- эсселер мен шығармалар;
- сұхбат;
- репортаждар;
- сценарийлер;
- әлеуметтік желілердегі блогтар мен парақшалар;
- фото және бейне жобалар;
- подкасттар;
- сайттар мен мультимедиялық жобалар;
- цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект көмегімен орындалған жобалар.

Шығармашылық досьені қорғау үшін сұрақтар:

1. Неліктен сіз дәл осы тақырыпты таңдадыңыз?
2. Ақпарат қалай жиналды?
3. Қандай дереккөздер пайдаланылды?
4. Жұмыс барысында сіз қандай қиындықтарға тап болдыңыз?
5. Сіздің материалыңыздың немесе жобаңыздың мақсатты аудиториясы қандай?
6. Қандай журналистік жанрлар мен әдістер қолданылды?
7. Бүгін жұмысыңызда нені өзгертер едіңіз немесе жақсартар едіңіз?
8. Материалды дайындауда жасанды интеллект құралдары қолданылды ма? Қолданылса, қандай жолмен?
9. Бұл жұмысты орындауға қандай білім мен дағдылар көмектесті?
10. Ұсынылған жұмыс сізді болашақ журналист ретінде қалай сипаттайды?

3. Шығармашылық емтихандарды өткізу

Шығармашылық емтихандар дәстүрлі (офлайн) форматта қабылданады.